



Түрік Республикасы Әділет және даму партиясының төрағасы Реджеп Тайип Эрдоғанның Қазақстан Республикасына жұмыс сапарын дайындау және өткізу туралы

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің өкімі. 2003 жылғы 11 қаңтар N 3-ө

Қазақстан Республикасы мен Түрік Республикасының арасындағы достық қатынастарды нығайту және екі жақты ынтымақтастықты одан әрі дамыту мақсатында:

Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі:

1) Түрік Республикасы Әділет және даму партиясының төрағасы Реджеп Тайип Эрдоғанның Қазақстан Республикасына 2003 жылдың 10-11 қаңтар кезеңінде жұмыс сапарын дайындауды және өткізуді қамтамасыз етсін;

2) Түрік Республикасы Әділет және даму партиясының төрағасы Реджеп Тайип Эрдоғанның жұмыс сапарын өткізуге, оның ішінде Түрік Республикасының ресми делегациясы мүшелерінің тұруына 2003 жылға арналған республикалық бюджетте " Өкілдік шығындар" бағдарламасы бойынша көзделген қаражат есебінен 346150 (үш жүз қырық алты мың бір жүз елу) теңге сомасында қаражат бөлсін.

Премьер - Министрдің

міндетін атқарушы